

Сауат ашу сабағына шақырамыз!





*Қош келдіңіздер!*

Сабақтың тақырыбы: Қ дыбысы мен әріпі

# Мақсаты:

**Білімділік:** Оқушыларға Қ дыбысы мен әрпін таныстыру арқылы берілген сөздерді тізбектей оқыту.

**Дамытушылығы:** Қ дыбысы мен әрпін таныстыру арқылы оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін, танымдық іс - әрекеттерін, шығармашылығын, сөздік қорларын дамыту.

**Тәрбиелігі:** Оқушыларды отан сүйгіштікке, ұқыптылыққа, сауаттылыққа, табиғатты қорғауға, оқуға дағдыландыру.



**Сабақтың түрі:** Ойын сабақ.

**Сабақтың әдісі:** Ой қозғау, топтастыру, тізбектей оқу, ойын, шығармашылық тапсырма, сурет арқылы сөйлем құрау

**Сабақтың көрнекілігі:** Суреттер, буындар, ребустар, сөзжұмбақ.

# Сабақтың барысы:

## I. Ұйымдастыру кезеңі:

Балаларды орнынан тұрғызып амандасу.

- Амансың ба алтын күн!
- Амансың ба көк аспан!
- Амансың ба достарым!
- Амансыздар ма қонақтар!
- Сабағымызды бастайық
- Жамандықты тастайық.

*II. Үй тапсырмасы: О дыбысы мен әрпі.*



*Дымбілместің тапсырмасы:*



# I тапсырма:

ОТ

ОРАҚ

ОРАМАЛ

*Сөздерді буынға бөліп, алғашқы дыбысын ата, ол әріпті қассадап көрсет.*



# II тапсырма:

Мына буындарды дұрыс оқындар.

ШО ТО ЛО СО

НО ПО ДО


# III тапсырма:

ОРАН ОЙЛА  
ОЙНА



*Мына сөздерге дыбыстық талдау жасату.*

Негізгі бөлім: Жаңа сабақ

Ойын: "Сиқырлы сандар"



# Робусты шеш.






*Қой*

*Қасық*

*Аққу*

*Қайық*

- а) Қ дыбысынан келетін сөздер айту:**  
**ә) Қ дыбысынан келетін сөздерді буынға бөлу.**  
Қар - быз, қа - ла, қо - ра, қу - ат




# Сергіту сәті:

Ұзын құлақ сұр қоян,  
Естіп қалып сыбырды.  
Ойлы – қырлы жерлерден,  
Ытқып – ытқып жүгірді.



# Дәптермен жұмыс:





**Б) Сурет  
бойынша  
сөз құрау**



на

дос

ша



нұр

зат

нар

# *Сабақты қорытындылау*

*дауыссыз дыбыс*

**Қ**

*Сөздің басында, ортасында кездеседі*

# Балаларларды мадақтау

Сабакка белсенді қатысқан балаларды мадақтау

